

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 наурыздағы N 227 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1082 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 27, 254-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік органдардың тексерулер жүргізу ережесінде:

3-тармақтағы "атқарушылық іс жүргізуге," деген сөздерден кейін " мемлекеттік еңбек инспекторлары жүргізетін тексерулерге," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*